

**Аkkредиттеуге жататын өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы жұмыстардың Тізімін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеті Мемстандартының 2005 жылғы 20 қаңтардағы N 15 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 8 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3429. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы N 431 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Индустрія және сауда министрінің 2008.10.29 N 431 ( қолданысқа енгізу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының " Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы " және " Лицензиялау туралы " Зандарын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген аккредиттеуге жататын өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы жұмыстардың Тізімі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Техникалық реттеу және метрология басқармасы және "Қазақстан метрология институты" РМК заңнамалықпен белгіленген тәртіпте :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға м.а.

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті

Төрағасының м.а.

2005 жылдың 20 қаңтардағы N 15

бұйрығымен бекітілген

**Аkkредиттеуге жататын өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы жұмыстардың тізімі**

N	Жұмыстардың атапу
1	Өлшем құралдарын салыстырып тексеру
2	Өлшем құралдарын калибрлеу
3	Өлшемдерді орындау әдіstemелерін метрологиялық аттестаттау
4	Өлшем құралдарын салыстырып тексеру, өндіру және жөндеу бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптарына субъекттің (өтінім берушінің және (немесе) лицензиаттың) сәйкестігіне тәуелсіз сараптама бағалау жүргізу
5	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді әзірлеу бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптарына субъекттің (өтінім берушінің және (немесе) лицензиаттың) сәйкестігіне тәуелсіз сараптама бағалау жүргізу

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК